

«Қостанай қыраны» облыстық іріктеу турнирі мәреге жетті

Бұл мәртебелі жарыс биыл жетінші рет ұйымдастырылып отыр. Алдымен, аудан, қалалардың балуандары өз өңірлерінде іріктеу турнирін өткізді. Содан жеңіп шыққан боз кілем шеберлері финалдық кездесуге жиналды.

Екі күнге созылған додада палуандар сегіз салмақ дәрежесі бойынша белдесті. Мәселен, 55 келі салмақта қостанайлық Әлішер Мұхамеджанов турнир чемпионы атанды. 60 келіде Мылтықбай Әбдуайтовтың бағы жанды. 66 келіде кілемге шыққан арқалықтық Ақжол Қазымбек те ешкімге есе жібермеді. 74 келіде сынға түскен жанкелдиндік Руслан Ибраев өз қарсыластарын тегіс тізе бүктірді. 82 келіде Арқалықтан келген Нұрсұлтан Сәлімжанов турнир жеңімпазы атанса, 90 келі салмақта Алтынсарин ауданының палуаны Берік Таласовқа тең келер қарсылас табылмады. 100 келі салмақта тағы бір алтынсариндік Темірлан Сапаров жеңімпаз деп танылды. Ал, 100 келіден жоғары, аса ауыр салмақта арқалықтық Ғабит Балғынбаев жеңіске жетті.

Абсолюттік сынға 30-ға тарта балуан жазылыпты. Тартысты өткен жарыстың финалында қазақ күресінен Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Рамиль Шарыгин мен бірнеше мәрте ел чемпионы, спорт шебері Темірлан Сапаровтың жолы түйісті. Жанкүйерлердің қызу қолдауына ие болған финалдық кездесу 41 жастағы шебер Рамиль Шарыгиннің пайдасына шешілді. Темірлан Сапаров екінші орынды қанағат тұтты. Енді осы екі палуан облыс намысын республикалық «Қазақстан барысы» турнирінде қорғайтын болады.

Жеңімпаздарды облыс әкімі Архимед Мұхамбетов құттықтады. Ол өз сөзінде Тобыл-Торғай өңірінде қазақ күресінің бәсі жоғары екендігін атап өтті.

Сотқа деген сенімді көтерудің жолдары

Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов судьяларға кезекті үндеуін жолдады. Осы жолы ол өздерінің әріптестерін қызметтері кезінде сыйластық пен сенім атмосферасын құруға шақырды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Ж. Асановтың үндеуін Facebook-те Жоғарғы соттың баспасөз хатшысы Болат Қалыбекұлы жария етті. Құжатта ол әрбір әріптесі сот әділдігі сапасы жөнінде, сот қызметтері сервисін арттыру туралы креативті ойлайтын, сот имиджіне жаны ашитын болуы тиістігін атап өткен.

«Осы орайда әрқайсыларыңыз сот ғимаратына кіргенде, сот процесін ұйымдастыруда, сот актісін рәсімдеуде, адамдармен сөйлескенде жан-жақтыңа мұқият назар аударыңыздар. Бұл тұрғыда өздеріңіздің іс-қимылдарыңызға, дәлізге, отырыс залдарына, құжаттарға, сондай-ақ жиһаздың орналасуы орнының өзін қарап шығыңыздар. Осының барлығын қарапайым адамдардың көзімен елестетіп көріңіздер. Оларға сот ғимараты ыңғайлы ма? Адамдардың теріс пікірін нендей себептер тудырады? Тұрғындарға қолайлы болуы үшін не кедергі? Сіздің құжатыңыз түсінікті толтырылды ма? Адамдарға деген қарым-қатынастар әдептілік үдесінен шыға ма? Өздеріңіздің айналаңызда сыйластық пен сенімді атмосферасын жасаңыздар», - деді Жақып Асанов.

Бұл ретте ол сот актілері мен шағымдарға берілген жауаптарда, қарым-қатынас тілінде сыйластықтың белгілері болуы керектігін атап өтті. Сонымен қатар Ж. Асанов жақын арада Жоғарғы сот кеңесі басшылығының ұстанымы арқасында судьялық кадрларды іріктеу мен алға жылжытудың жаңа әрі прогрессивті технологиялары пайда болатынын атап өтті. «Адамдардың сотқа сенімін көтеру үшін, жаңа әрі қазіргі қызметтегі судьялар кәсіби және іскерлі тұлғалық қасиеттерге ие болады деген үміт бар», - деп атап өткен Жоғарғы сот төрағасы.

inform.kz

Әскери-патриоттық клубтарының ашық чемпионаты

Отан қорғаушылар күні және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73-жылдығы қарсаңында Қостанай ауылшаруашылық колледжі Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасымен бірлесе отырып әскери-патриоттық клубтардың курсанттары арасында жыл сайынғы әскери-қолданбалы жарыстарын (әскерилендірілген кросс) өткізді.

Нақтырақ айтқанда, 2018 жылдың 26 сәуірінде Қостанай облысының әскери-қолданбалы (әскерилендірілген кросс) мәселелері бойынша Ашық чемпионаты өткізілді. Ашық чемпионатта Қостанай облысының аудандарынан 22 команда қатысты – «Разведчик» ӘПК, «Тайфун» ӘПК, «Беркут» ӘПК, «Сармат» ӘПК және тағы басқалары.

«Сақшы» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері менің басшылығыммен «Золотой фазан» спорттық мәдени ойынауық орталығында әскери-патриоттық клубтардың арасында әскери-қолданбалы (әскерилендірілген кросс) мәселелері бойынша өткізілетін чемпионатқа қатысты. «Сақшы» командасының құрамында Қостанай қ. «Облыстық балалар үйінің» тәрбиеленушілері Аппель Виктор, Антонов Владимир, Галицына Любовь и Игликов Аслан және Академияның 2-курс курсанттары Рассказова Тамилла, Құттыбай Мадияр, Камен Бектас және Слесарь Денис.

Қатысушылар әскери-қолданбалы шара барысында барлығы 700 метрге дейін жететін белгіленген аумақтардан өтті, «арқамен жатып» пневматикалық қарудан 5 сынақ атты, 700 метрге дейін кедергілермен аумақтарды қиып шықты, сектордың шегінде 35 метр қашықтықта 700



гр. спорттық гранатаны лақтырды, сондай-ақ 1000 метр қашықтықта маршрутты еңсерді.

Жеңіске деген күресте және жеңіске деген ұмтылыс кезінде «Сақшы» әскери-патриоттық клубы командасы жеңімпаздар кубогімен бірге 2- орынды иеленді.

Жеке біріншілік сайысында Қостанай қ. «Облыстық балалар үйінің» тәрбиеленушілері Аппель Виктор 2-ші орынды және Антонов Владимир 3-ші орынды иеленді.

Жеке жарыста Академия курсанттары «18+» санаты бойынша 2-ші орынды Құттыбай Мадияр мен Камен Бектас және 3-ші орынды Слесарь Денис иеленді.

Медальдар мен мадақтамаларды

табыстау кезінде Қостанай облыстық әскери-спорттық клубтар федерациясының төрағасы А. Козлов және Қостанай ауданының ауған «Ардагер», атап айтқанда Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының ардагері, зейнеттегі полиция полковнигі Пряхин Вячеслав Алексеевич марапатталды.

М. АБИЛЬМАЖИНОВ,
ҚР ІІМ Академиясы
Әскери және тактикалық-арнайы
даярлық
кафедрасының оқытушысы
полиция майоры

Ұлттық зейнетақы қорынан 200 млрд теңге банктерге беріледі

Бірыңғай ұлттық зейнетақы қорындағы 200 млрд теңгені облигация түрінде банктерге салу бағдарламасы іске қосылады. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев жақында Сенаттағы парламенттік тыңдауда сөйлеген сөзінде айтты.

Ақышевтің айтуынша, ұлттық зейнетақы қорынан 200 млрд теңгені банктер мен корпоративті эмитенттерге беру туралы шешім қабылданды. Қаржыландыру облигацияларды бес жыл мерзімге алу арқылы жүзеге асады. Қатерлерді төмендету мақсатында зейнетақы активтері шығарылған облигациялардың 50 пайыздан жоғары емес көлемінде ғана инвестицияланады.

Сонымен қатар ол экономиканы несиелендіруді қалпына келтіру үшін банктерді нашар несиелерден тазарту керек екенін және Ұлттық Банк үш кезеңде Қазақстанның

қаржы секторын сауықтыру бағдарламасын іске асырғанын айтты.

– Бірінші кезеңде БТА Банкінің қарызын өтеу арқылы Қазкомға қолдау көрсетілді. Одан кейін ірі және әлеуметтік маңызы бар төрт банкке қайтарылатын негізде 410 млрд теңге көлемінде қаржы берілді. Өз тарапынан акционерлер банктерді капиталдандыру, нашар кредиттерді есептен шығару мен жаңа несиелерді беру туралы міндеттемелер алды, – деді Ұлттық банк басшысы.

Ақышев үшінші кезең Банк RBK-ны қолдауға арналғанын айтты. Бұл кезеңде банктің нашар кредиттері мен Ұлттық Банк және мемлекеттік компаниялар алдындағы міндеттемелері арнайы қаржы компаниясына берілген. Оған қоса, Ұлттық Банк Банк RBK-ға қайтарылатын негізде субординацияланған қарыз берді. Бірқатар банктің лицензиясы алынып, кейбірінікі тоқтатылды.

Ұлттық банк басшысының айтуынша, проблемалы банктер жақсы кредит бермейді. Олардың несиелендірілуі өсуі капиталдарының ұлғаюымен қатар жүрмейді. Тәуекелдерді басқару стандарттарын және ондағы корпоративтік басқаруды жоғары деп айтуға болмайды, сондықтан қарыз портфелінің сапасы төмен болып қала береді.

– Банктер нашар кредиттер деңгейі туралы жағдайды саналы түрде бұрмалап көрсетті. Кредиттің сапасын жасыру үшін қаржылық есеп дайындау кезінде қарыздарды қайта құрылымдауды белсенді түрде қолданды. Бұған Ұлттық Банктің 2016 жылы нашар кредиттер деңгейі қарыз портфелінің 10%-ынан аспауы тиіс деген тікелей шектеуі себеп болды, – деді Ақышев.

Оның айтуынша, нашар кредиттердің нақты деңгейі 2012 жылы 41,5%, ал қазір 23,6%. Алайда, ресми статистикада бұл жылдардағы нашар кредиттер деңгейі 10%-

дан аспайды деп көрсетілді.

– Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, нашар кредиттердің нақты деңгейін ескергенде банк жүйесіндегі капиталдың жеткіліктілігі 2017 жылға дейін теріс зонада болды. БТА банкі, Банк RBK және басқа бірнеше банктің нашар кредиттерін есептен шығарғаннан кейін ғана капиталдың жеткіліктілігі 2017 жылы оң зонаға қайтып келді. 2016 жылдың соңынан бастап нашар кредиттердің нақты деңгейі 32%-дан 23%-ға төмендеді, абсолюттік мәнде 4,9 млрд теңгеден 3 млрд теңгеге дейін азайды, – деді Ақышев.

Қорытындылай келе, Ұлттық Банк басшысы нашар кредиттер деңгейі абсолютті тұрғыдан төмендеуіне қарамастан, олардың салыстырмалы үлесі бұрынғыдай жоғары болып отырғанын, ол негізінен банктердің қарыз портфелінің тарылуымен байланысты екенін айтты.

Vaq.kz

Арнайы техника шығарылатын болды

«Аллюр» Компаниясы» тобы Қостанайдағы «СарарқаАвтоПром» ЖШС-нің базасында қатты тұрмыстық қалдықтар мен өнеркәсіптік қалдықтар жинап, тасымалдайтын көлік шығаруды қолға алды.

Бүгінгі таңда компания JAC шассиінің базасында N сериясымен (изотермикалық, өндірісті-тауарлы фургондар, қорапты жүк көліктері) коммерциялық техниканың 9 түрін шығарып жатыр. Сондай-ақ, Iveco 682 базасында тағы үш нұсқасы құрастырылуда. Бұл көліктер коммуналдық қызметтің мұқтажын өтеуге арналған. Өткен жылы дәл осындай 96 коммерциялық көлік шығарылған. Жалпы, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС жыл сайын өндірісті жаңғыртып, көлік құрастыру көлемін ұлғайтып келеді.

Өткен жылы тұтынушылардың

сұранысымен тұрмыстық қалдықтар жинауға арналған екі сынамалы көлік шығарылған. Оның біреуі «Таза әлем-Астана» ЖШС-іне берілген-ді. Ол коммуналдық қызмет жүйесіне пайда әкелетіндігін дәлелдеп шықты. Заманауи көліктердің қосалқы бөлшектері Еуропадан, Түркия мен Ресейден әкелінген. Мұндағы отандық үлестің салмағы 35%-ке тең.

Қалдық тасымалдайтын көліктердің артықшылығы сол, оған қалыңдығы 6-8 мм болатын HARDOX маркалы жоғары сапалы шойын пайдаланылған. Тағы бір ерекшелігі – контейнерлер өздігінен жуылады. Ол үшін техникаға су толтырылған бак орналастырады. Көлік қалдықтарды түсірген соң, бос контейнер қоқыс қалдықтарынан тазартылады.

– Баламалы технополицияны қолдану арқылы өндіріске жол тартқан көліктер

жеті жылдан бері Ресей Федерациясында сынақтан өткізілді және жақсы сапаға ие. Нақты бағытта сынақтан өткізілген көліктер көрсеткендей, шағын автокөліктердің өзінде барлық функциялар атқарылады, — дейді «Allur Auto Astana» ЖШС сату бөлімінің бастығы Александр Цой.

Қоқыс тасымалдайтын көлік өндірісі жекеменшіктердің де тапсырысын орындайды. Мәселен, қалалық жердегі кейбір коммуналдық шаруашылықтар арнайы техниканы сатып алуға мүдделі. Оның бағасы 20 млн теңгеден басталады. Жақын арада көліктерді ТМД елдеріне сатуға шығару жоспарланып отыр. Айпақшы, әмбебап көліктерді жеңілдетілген лизинг бағдарламасы арқылы да алуға әбден болады.

Электрондық БАҚ-тан дайындалды

Бетті жүргізуші Меіраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Зекет жинауға қандай хақысы бар?

Қостанай облысы әкімдігінің дін істері жөніндегі басқармасынан жақында облыстық басылымда шыққан жарияланымды газетімізде жариялауды сұраған өтініш келіп түскен еді. Біздің газетіміздің оқырмандарына да өзекті мәселе болғандықтан оны сол қалпында жариялауды жөн көрдік.

Біз осыған дейін облыс орталығында «Қостанай қайырымдылық мекемесі» деген ұйымның бары туралы «Қайырымдылық мекемесі ме, медресе ме?» атпен мақала («Қостанай таңы», 2016 жылғы 25 қазан, №116) жазған болатынбыз. Ел арасында «пансионат» аталатын үш қабатты ғимарат айналасында болып жатқан түсініксіз жағдайлар жоғарыдағы мақаламызға себеп болған еді.

Жалпы, біз барған мекеме «Жібек жолы» қайырымдылық мекемелер қауымдастығы» аталатын бірлестікке қарайды. Бұл үлкен ұйымның республикамыздың облыс орталықтарында, қалаларында, аудан орталықтарында көптеген қайырымдылық мекемелері бар. Осындай қайырымдылық мекемелері Қостанай және Арқалық қалаларында орналасқан.

Өңгіме қалай басталып еді?

Сол жолы қалам алуымызға түрткі болған мәселенің бірі – Дәуренгүл Хуанай есімді азаматшаның туған бауыры Қуаттың «2014 жылдың тамыз айында Түркия мемлекетіне білім алу мақсатында Сьянов көшесінде орналасқан пансионат арқылы кеткен» деген хаты негізге алынды. Мекеме басшысына қойғалы барған екінші басты сұрағымыз – мекеме тәрбиешілері қарамағына алынған студенттерге заңсыз діни білім берді деген мәселе төңірегі еді. Олай дейтініміз, сол жылы Арқалық қалалық соты «Арқалық қайырымдылық мекемесінің» оқытушысы У.Минанды ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 490 бабы 3 бөлігі бойынша айыпты деп танып, оған 100 айлық есептік көрсеткіш (212 100 теңге) көлемінде айыппұл салу туралы қаулы етті.

Бастапқыда жолығуға уағдаласып тұрған мекеме қызметкері де сөзінен тайып, келіскен күні келмей қойған-тын. Ал осы мақала жарыққа шығысымен редакциямызға «қайырымдылық мекемесіненбіз» деп Ардақ, Мейірхан (Мейірханның есімі мақала ішінде аталады) есімді азаматтар келіп кетті. Олар бас редакторға да кіріп-шыққан екен. «Терістеу беріңіздер, мұнда жазылғандармен келіспейміз» деген сыңайлы әңгімелер айтып кетті. «Әрине, өздеріңізді ақтап алардай хат, жауап мақала дайындап әкеліңіздер, газетке жариялауға әзірміз» деп біз қалдық. Бірақ сол кеткеннен әлгі екеу қайтып ат ізін салған жоқ.

Мешіт ешуақытта зекет жинауға шықпайды!

Бұл жолы да өткен мақала ізімен қалам тартуымызға тура келіп отыр. Соның бірі – «Арқалық қайырымдылық мекемесі» өкілдерінің ел арасынан «мешіт атынанбыз» деп садақа жинауы. Осы жайын ресми дін қызметкерлерінің өзі растап отыр.

Өткен жазда облыстық прокуратураның бастамасымен Арқалық қаласы аумағында «Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» атты шара өткен болатын. Жергілікті әкімдіктен бастап, ауыл шаруашылығы, денсаулық, қаржы, салық, дін саласының өкілдерінен құралған комиссия сол өңірдегі қала, ауыл тұрғындарын мазалаған мәселемен танысып қайтқан екен.

Осы сапаршылар құрамында дін

саласынан Федоров ауданындағы Жиентай қажы мешітінің бас имамы Есет Ғабдімәлік барып келіпті. Халық арасында дін, рухани жағынан сауал қойғандардың арасынан аталған пансионаттың күмәнді тұстары жөнінде көп сұрақтар қойды дейді:

- Олар малы бар қазағы басым оңтүстіктегі аудандарға барған. Өңірдегі оншақты ауылды аралап үлгеріпті. «Үйімізге келіп, алдымен құран оқып, дұға бағыштап, содан кейін мешіт атынанбыз деп зекет жинайды», осы дұрыс па» деп сұрағандар табылып жатты. Себебі, «біз мешітпен біргеміз, өкіл имамды, жергілікті мешіт басшылығын танимыз, нанбасаңдар, міне, суреті» деп бірге түскен суреттерін көрсетеді екен. Одан кейін айта тұрғандары – «біз бұл зекеттің жартысын мешітке береміз, қалғанын медресемізде оқып жатқан шәкірттерді асырауға жұмсаймыз» дейтін көрінеді. Осылай іші-бауырына кіріп, әбден сендіргеннен кейін, әрине, халық Алла разылығы үшін садақаларын қиып береді екен. Бірақ артынан имамдардан сұрастырғанда, «қайырымдылық мекеме» өкілдерінің заңсыз қызмет жүргізіп келгені әшкере болған. Сол жерде ауыл тұрғындары бізден «Бұл қайырымдылық мекеме қызметінің бағыты дұрыс па? Қандай да бір ағым, секта емес пе? Бұлардың өкілдеріне зекет, пітір, басқа да садақа берейік

Бахытбек ТӘЖІМБЕТ, ҚМДБ Қостанай облысы бойынша өкіл имамы:

Мешіт өкілдері еш уақытта зекет жинауға шықпайды. ҚМДБ Зекет қоры – зекет және қайырымдылық садақаларды қабылдап, оны шариғат үкімдеріне сай таратуы жүзеге асырады. Бұл қордың облысымызда арнайы өкілдігі бар. Ал садақа түрін әр мұсылман, соның ішінде өзінің жағдайы бар адамдар ғана шынайы ниетімен мешіт жанындағы арнайы зекет қорына өз қолымен әкеліп береді. Ал мешіттің атынанбыз деп ел аралап «жылу» жи-нау ең алдымен заңымызға да, Діни басқарма бекіткен ереже-талапқа да қарсы.

пе, жоқ па?» деп сұрады. Рас, бұл мекеме ешқандай ағымды ұстанбайды, бірақ олардың мешіт атынанбыз деп ел аралап, садақа жинап жүргені заңсыздық! Егер бұдан былай өйтіп садақа, зекет жинап келетін болса, ең жақын орналасқан мешіт имамдарына немесе құзырлы органдарға хабар беріңіздер.

Дін өкілдері қайырымдылық мекеме қызметкерлерінің өз бетінше діни білім беруге хақысы жоқ екенін айтады. Себебі, шәкірт оқытқан күннің өзінде оларға арнайы куәлік бермейді. Әрине, Діни басқармамен келісілген меморандум бар, сол бойынша мешіт имамдарын шақырып арнайы дәрістер өткізуге рұқсат берілген. Бірақ бұған дейін де «пансионат» қызметкерлерінің дәріс бергендігі туралы әшкере болды емес пе.

Ал былтырғы қыркүйек айының ортасында «УАЗ» көлігімен Жанкелдин ауданының Ақшығанақ ауылына дейін барған «қайырымдылық мекеме» өкілдері ол жақтан қой, ақшалай «zeket» жинап әкетіпті. Бұл жөнінде Торғайдағы Оспан Қожа әулие мешітінің бас имамы Рүстем Исламұлы естіп қалып, ауылдан шығып бара жатқан көліктен малдарды түсіртіп алдық дейді:

- Ақшығанаққа барып, менің фотосуретімді көрсетіп, «имамдарыңды танимыз, медреседен арнайы келіп тұрмыз» деген соң ауыл адамдары ақшасы бары ақшалай, малы бары малдай «zeket қорына» деп садақа қиып берген. Сосын мен оларға телефон

соғып, «өйтіп жалған жолмен дүние жинаушы болмандар, алған малдарды қалдырып кетіңдер» дедім. Әйтеуір тастап кетіпті ғой. Алған ақшаларын да қайтартып бердік. Мешіт өкілдері ешуақытта зекет жинауға шықпайды. Ондай садақа түрін әр мұсылман, соның ішінде өзінің жағдайы бар адамдар ғана шынайы ниетімен мешіт жанындағы арнайы зекет қорына өз қолымен әкеліп береді.

Мекеме неге «қыспаққа» ұшырап жатыр?

Мақаланы әзірлеу барысында «Қостанай қайырымдылық мекемесі» директоры А.Сейтжапаровтың Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының (университетінің – Қ.Қ.) ректоры Е.Әбіл мен облыстық жастар ісі жөніндегі басқарма басшысы К.Әлімжановқа жазған арыздары (орыс тілінде) қолымызға тиіп отыр. ҚМПУ басшылығына жазған арызда 2 курс студенті Қуат Қанаттың ақпан айында ЖОО әкімшілігі тарапынан негізсіз қыспаққа ұшырап, ақыры қайырымдылық мекемені тастап кетуге мәжбүр болғанын келтіріпті. Ал жастар ісі жөніндегі басқармаға жолдаған шағымында ЖОО қабырғасында оқитын студенттердің ҚМПУ мен А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ әкімшілігінен қоқан-лоқы көріп, өздері паналауға алған тәрбиеленушілерінің шығып жатқанын атап өткен екен.

Директор А.Сейтжапаров аталған арызында ЖОО тарапынан студенттерге қатысты заңсыз және негізсіз іс-әрекет қабылданды демекші. Алайда ЖОО қабырғасында білім нәрімін сусындап жатқан студентке біріншіден ЖОО жауапты, ертең жоғары білімді маман болып шығуына университет міндетті. Себебі оқуға қабылданған уақытта студент пен ЖОО келісім-шарт жасасқан, екі тарап осы шартты орындауға міндетті.

Ал, қайырымдылық мекемесінің көздегені студенттерге қайырымдылық көрсетеміз деп, мекемеге жатқызып алып, одан кейін, студенттер өзін өзі қамтамасыз етсін демекші күнделікті үш мезгілдік тамақ қорына жылу не зекет жинату (малдай, ақшалай және т.б.).

Біздің түсінігімізше, қайырымдылықты ауқатты, жағдайы жақсы азаматтар немесе меценаттар ұйымдастырушы еді. Алмына «Жібек жолы» ассоциациясына қарасты жылу жинайтын қандай қайырымдылық мекемесі екенін халыққа түсініп білу қиындау болып тұрған сияқты.

«Мұнда ешкім қалған жоқ»

Біздің бұл жолы «Қостанай қайырымдылық мекемесіне» қайтара соғуымызға осы жағдайдың барлығы себеп болды. Алдын ала біраз уақыт бойы оның басшысы Ардақ Сейтжапаровпен кездесе алмай жүрдік. Біресе Астанадамын, біресе ауырып жатырмын деді. Дегенмен біз Қостанайдың Сьянов көшесінде орналасқан мекемеге қайта бардық. Ғимарат ішінде ешкім болмады, аяғымызға келіп оратылып жата қалған мысықтан басқа тірі пенде көрмедік. Ал сыртқа шыққанымызда жеңіл көлікпен келіп тоқтаған бір азаматты жолықтырып, газеттен екенімізді айтып, жөн сұрасқымыз келіп еді, қашақтай бастады. Есімін Қайнар деп таныстырды. Алматыдан осында жұмыс істеп келген екен, жуық арада қайта кетемін деді. Мекеме жатақханасында кімдер тұратынын сұрап едік, «ешкім жоқ, бәрі кетіп қалған» деді. Және барлық сұрақты Ардақ мырзаға қойыңыздар дегеннен асқан жоқ. Айтпақшы, өзі де бізді қалта телефонның камерасына суретке түсіріп, аты-жөнімізді қайтара сұрап әлек.

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ
(«Қостанай таңы» газеті № 44, 2018 жылғы 17 сәуір)

Қостанайлық делегация бос жұмыс жәрмеңкесін өткізіп келді



Өткен бейсенбіде, 3 мамырда Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов бастаған делегация Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында бос орындар жәрмеңкесін өткізді.

Делегация құрамында облыс әкімінің орынбасары Марат Жүндібәев, облыс әкімі аппаратының басшысы Арман Әбенов, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гүлнар Әбеннова мен басқа да лауазымды тұлғалар болды.

Айта кетейік, Қостанай облысында мұғалім, механизатор, дәрігер, көлік жүргізушілері сияқты мамандар жетіспейді. Сондықтан маңғыстаулықтарға бос жұмыс орындары ұсынылды. Оңтүстік өңірлерден көшіп келушілер үшін Қостанай облысы 962 жұмыс орнын дайындап қойды. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов көшіп келушілерге барлық жағдайдың жасалатынын айтты. Тіпті, мемлекет көмегінен тыс, Қостанай ауданының Мичурин және Глазунов ауылдарындағы кәсіпкерлер тұрақты жұмыс пен үй ұсынып отыр.

- Біздің облысымызда 1700-ден астам жұмыс бос орны бар. Соның 20% ауыл шаруашылығы, 17% құрылыс, 13%-тен астамы өнеркәсіп салаларына тиесілі. Сол себепті, біздің облысқа келіңіздер. Сіздерді шақыру үшін өзім делегацияны бастап келіп отырмын. Баспана мәселесінен қиындық тұмайды. Мен Ақтөбе облысында жұмыс істедім. Батыс өңірлермен салыстырып қарағанда үйдің бағасы Қостанайда арзан. Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасына қатысып, кәсіп бастаймын десеңіздер, оны да қолдаймыз. Шағын несие беру көлемі де артады. Негізінен, ағымдағы жылы облыс бойынша нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларына 1 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылды, - деді Архимед Мұхамбетов.

Жалпы, солтүстік өңірлерге көшу үшін отбасының әрбір мүшесіне мемлекет тарапынан 84175 теңге мөлшерінде қаржылай көмек беріледі. Бір жыл бойы үйді жалға алу және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу үшін 72150 теңгеге дейін қаржы төленеді. Сондай-ақ, жаңа жұмыс орнын ашып, қоныс аударушыларды тұрақты жұмыспен қамтығандарға әрбір жұмыскер үшін 450 АЕК көлемінде субсидия қаралған. Биыл Қостанай облысы 272 отбасын қабылдауға дайын.

Пітір садақасының мөлшері белгілі болды

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы биыл Рамазан айында берілетін пітір садақасы мөлшерін бекітті деген хабар БАҚ-та жарияланып жатыр.

Төралқа мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешіміне сәйкес, биылғы пітір садақа мөлшері 300 теңге болып бекітілді. Пітір садақасын бидайдан бөлек, құрманың, мейіздің, арпаның құнымен де беруге болады. Егер пітір садақасын бидаймен беретен болсаңыз, әр адам үшін жарты сағ, ал жарты сағ 1 келі 625 граммға тең. Ақшамен есептегенде (әр аймақтың бидай бағасына қарай) 1 келі 625 граммның құнын беру керек. Құрма, мейіз, арпадан да бір сағтың (3,25 кг) құнын беру қажет.

Пітір садақасын Рамазан айының бірінші күнінен ораза айт намазына дейін беруге болады. Биыл Рамазан айы мамырдың 16-сы басталып, 14 маусымда аяқталады. Маусымның 9-нан 10-на қараған түн — Қадір түні.